

Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялауға берілетін субсидиялардың 2015 жылға арналған көлемдерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 03 маусымдағы N 134 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 маусымда N 3995 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялауға берілетін субсидиялардың 2015 жылға арналған көлемдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2015 жылғы "3" маусымдағы
№ 134 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялауға берілетін субсидиялардың 2015 жылға арналған көлемдері

р/с №	Аудандар, қалалар атауы	Субсидиялар көлемдері, мың теңге
1	Аягөз	144,5

2	Бесқарағай	3699,2
3	Бородулиха	70000,0
4	Глубокое	175000,0
5	Зайсан	4577,3
6	Зырян	94000,0
7	Катонқарағай	7745,2
8	Көкпекті	43965,8
9	Үржар	30200,0
10	Ұлан	24400,0
11	Шемонаиха	88000,0
12	Тарбағатай	1734,0
12	Өскемен қ.	9100,0
13	Семей қ.	84200,0
14	Риддер қ.	1734,0
	Жиыны:	638500,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК